

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУДЕГІ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ РОЛІ**

**РОЛЬ ДОМАШНИХ ХОЗЯЙСТВ НАСЕЛЕНИЯ В ПРОДОВОЛЬСТВЕННОМ
ОБЕСПЕЧЕНИИ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**THE ROLE OF THE HOUSEHOLDS OF POPULATION
IN FOOD SECURITY OF TURKESTAN REGION**

Г.Г. ШИНЕТ¹

PhD докторы

М.Е. МУНАСИПОВА²

Э.Ф.К.

Г.Н. АГАБЕКОВА³

Э.Ф.К.

^{1,3} Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті

² Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Г.Г. ШИНЕТ¹

доктор PhD

М.Е. МУНАСИПОВА²

К.Э.Н.

Г.Н. АГАБЕКОВА³

К.Э.Н.

^{1,3} Региональный социально-инновационный университет

² Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Яссауи

G.G. SHINET¹

PhD

M.E. MUNASIPOVA²

C.E.Sc.

G.N. AGABEKOVA³

C.E.Sc.

^{1,3} Regional social and innovative university

² International Kazakh-Turkish University named by Kozha Ahmet Yassawi

Аңдатпа. Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырудағы халық шаруашылықтарының рөлі, олардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі үлесі көрсетілген. Түркістан облысының ЖҚШ (жеке қосалқы шаруашылықтары) негізгі көрсеткіштері талданған. Олардың дамуына теріс әсер ететін бірқатар экономикалық және әлеуметтік проблемалар көрсетілді: ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен халық шаруашылықтары арасындағы интеграциялық байланыстардың үйлесімсіздігі; халық шаруашылықтарының заңды және әлеуметтік мәртебесінің төмен деңгейі; материалдық-техникалық құралдардың, тыңайтқыштардың, элиталық тұқымның, малдың өнімді тұқымдарының жетіспеуі. Өндірілген өнімді сақтау және қайта өңдеу тәсілдерін жетілдіру, оны сату, қолайлы баға бойынша ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету, ветеринариялық қызметтердің сапасын жақсарту негізінде үй шаруашылықтарында еңбек өнімділігін арттыру бағыттары анықталды. Кепілдік мүлікке және табыс салығын төлеудің болмауына байланысты халықтың шаруашылықтарын дамыту үшін қажетті несие қаражатына қол жеткізуде қиындық туғызу себептері анықталған. Ауыл аумақтарының жерлерін ұтымды пайдалануға және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперациялау негізінде АӨК шаруашылық субъектілерін дамыту үшін осы мәселелерді шешу жолдары ұсынылды.

Жұртшылық шаруашылығы – аграрлық экономика саласының құрамдас бөлігі. Ол ауыл отбасыларының ресурстарды қолдануы мен еңбек әлеуетіне негізделеді. Әйтсе де, елдің ауыл шаруашылығының дамуы ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің мақсатты беталыстары мен нақты қалыптасқан құқықтық нормалардың бұлжытпай орындалуымен ғана емес, сондай-ақ оның территориясындағы климаттық және топырақ құнарлығы жағдайларына байланысты өсімдік пен мал шаруашылығының белгілі бір түрлерімен айналысуымен де тікелей байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Түркістан облысы (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) – географиялық жағдайы мен табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты ауыл шаруашылық өнім өндіру және оны өңдеу бойынша жетекшілердің бірі. Қазақстанның ауа райы бойынша ең ыстық аймағы болғандықтан, мақта өсірудің басты орталығы, сондай-ақ республикадағы интенсивті суармалы егіншілік пен мал шаруашылық аймағы. Облыс территориясы – 117,3 мың шаршы километрді құрайды, ал халық саны жөнінен – 2,8 млн-ға жуық тұрғыны бар аймақ. Аграрлық өндіріс дамуындағы жұртшылық шаруашылықтың рөлін анықтау үшін облыстың мәліметтеріне кеңінен тоқталған жөн. Түркістан облысы бойынша халық саны 2840,6 болса, ауыл халқының орташа жылдық саны 2015 жылы 1563,2 мың адамды құрады. Яғни, бұл облыс халқының 55%-ын құрайды. Бұл ауыл халқы облыс бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, 836 ауылдарда өмір сүруде.

Қазақстан Республикасында жұртшылық шаруашылықтардың белсенді даму үрдісінің жүруіне байланысты Түркістан облысында 2016 жылдың 1 қаңтарына 245 140 бірлік жұртшылықтың шаруашылықтары есептелген. Жұртшылық шаруашылығының экономикалық функциясы ауыл халқының азық-түлік өнімдерінің негізгі өндірушілерінің бірі, азық-түлік ресурстарын арттырудың қосымша резервтері болып табылады. Әлеуметтік позициясынан, жұртшылық шаруашылық тауарлылық жағдайында, ауыл халқы табыстарының өсім көздерінің бірі және оның айтарлықтай бөлігінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етушісі болып табылады. Жұртшылық шаруашылық есебінен жанұя табысының үлкен бөлігі қалыптасады, өскелең ұрпақты ауыл шаруашылық еңбекке баулу қалыптасады. Одан басқа, жұртшылық шаруашылықтар ауылдың қосымша еңбек ресурстары:

рын: қариялардың, жасөспірімдердің, үйбікелерінің және жұмыссыздардың еңбектерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Бойынша Түркістан облысында 2016 жылы өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ішінде жұртшылық шаруашылықтарының үлесі 32,9%-ды құраған болса, мал шаруашылығы өнімдерін өндірісі бойынша 89,9%-дық үлеспен жұртшылық шаруашылығының басымдығы белгілі болып отыр. Яғни, бұл мәліметке сүйене отырып, облыста мал шаруашылығымен негізінен жұртшылық шаруашылығы айналысқанды жөн көреді екен деп айтуға толық негіз бар.

Ауыл шаруашылық өнімдерін жекелей өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы бойынша он жылдың көрсекіштерін зерттеу арқылы қарастырғанда (1 кесте), жұртшылық шаруашылығында өндірілген өнім өткен жылдың көрсеткішіне пайыздық өсім арқылы есептеліп ұсынылды. Онда жыл артқан сайын өнім өндірісі де өсіп отырғаны белгілі болып отыр, мәселен: өсімдік шаруашылығы бойынша он жылдың өсімі орта есеппен 119% болса, мал шаруашылығы бойынша 118% болып отыр.

Келесі кестеде (2 кесте) 2017 жылдың 1-мамырындағы мәлімет бойынша, облыс көлемі бойынша мал шаруашылығының келесідей түрлері дамыған: қой шаруашылығы, ірі қара мал шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, құс шаруашылығы. Ұсынылатын кестеде облыс көлеміндегі жұртшылық шаруашылығына тиесілі мал саны мен оның барлық шаруашылық жүргізуші шаруашылықтардағы мал санының үлесі пайыздық есеппен көрсетіледі. Соңғы бес жылдық мәліметтердің орташа есебіне сүйене отырып, облыс көлеміндегі мал санының ең көп шоғырланған саны жұртшылық шаруашылығында екендігі белгілі болып отыр. Әйткені ірі қара малдың – 91%-ы, сиырдың – 91%-ы, қой мен ешкінің – 81%-ы, жылқының – 84%-ы, түйенің – 55%-ы, құстың – 53%-ы жұртшылық шаруашылығының иелігінде болып отыр.

Соңғы жылдарда өз шаруашылығында да, кәсіпорында да жұмыс істемейтін адамдардан құралған люмпенді топ белгілі болды. Олар кездейсоқ табыспен күн көреді, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемге сенеді. Оларға орта және ірі жұртшылық шаруашылық иелері тарапынан уақытша жұмысшылар ретінде сұраныс бар. Аталған шаруашылық иелері жедел және салыстырмалы түрде аз шығынды егін жинауға, жем-шөп, отын дайындауға қызығады.

Аграрная политика: механизм реализации

Мұндай жағдай республиканың барлық аймақтарында байқалуда, яғни жұртшылық шаруашылықтарының иелері өздерінің ауылдастары қатарынан жұмысшыларды жерді өңдеу және егін жинаумен байланы-

сты бір ретті жұмыстарға жалдайды. Бірқатар жағдайларда иелік етушілер мен уақытша жұмысшылар арасындағы қатынастар жалшылық сипатқа ие болды [3].

1 кесте – 2016 жылы Түркістан облысы шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы мен үлестері

Көрсеткіштер	Барлық шаруашылық санаттары		Ауыл шаруашылық кәсіпорындары		Шаруа немесе фермер қожалықтары		Жұртшылық шаруашылығы	
	2016 ж., млрд теңге	2016 ж. 2015 жылға, %-бен	2016 ж., млрд теңге	2016 ж. 2015 жылға, %-бен	2016 ж., млрд теңге	2016 ж. 2015 жылға, %-бен	2016 ж., млрд теңге	2016 ж. 2015 жылға, %-бен
Түркістан облысы	480,4	105	412,5	116,2	165,7	118	273,4	103,6
Үлесі, %	100	-	8,6	-	34,5	-	56,9	-
Оның ішінде өсімдік шаруашылығы	275,2	107,0	260,3	118,6	158,7	104,6	904,9	108,1
Үлесі, %	100	-	9,4	-	57,7	-	32,9	-
Мал шаруашылығы	203,5	102,5	135,6	112,4	709,3	110,3	182,9	101,6
Үлесі, %	100	-	6,6	-	3,5	-	89,9	-
Ескерту - [1] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

2 кесте – Түркістан облысы жұртшылық шаруашылығындағы мал саны, мың бас және олардың шаруашылық жүргізуші барлық санаттардағы үлес салмағы, %-бен

Көрсеткіш атауы	Жылдар							
	2014		2015		2016		2017	
	саны, мың бас	үл. салм., %	саны, мың бас	үл. салм., %	саны, мың бас	үл. салм., %	саны, мың бас	үл. салм., %
Ірі қара мал	757,4	91	700,8	90	765,3	90	799,8	89
Сиыр	323,0	92	338,5	91	343,2	90	356,4	89
Қой мен ешкі	3 041,6	81	2 857,5	79	3 074,7	80	3 111,5	80
Жылқы	181,8	85	169,1	82	188,3	83	231,4	85
Түйе	12,1	57	11,1	51	12,1	54	12,7	53
Құс	1 275,8	54	1 316,1	53	1 299,2	52	1 252,1	50
Ескерту - [2] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

Ауылдағы жұмыссыз қалғандар ешқандай мемлекет қолдауынсыз және ешқандай жұмыс берушілердің қатысуынсыз автономды түрде өмір сүруге күш табу арқылы өздерінің бейімделу үлгісін қалыптастырды. Ауыл халқының жұмыспен қамтылуы жайлы сөз еткенде, екі қарама-қарсы үрдіске тоқталған жөн. Бір жағынан, ауыл шаруашылық өнім өндірісінің өсімі және мал шаруашылығының жандануы байқалып, ол ауыл халқына сұраныстың артуына және мәжбүрлі жұмыссыздардың бір бөлігін өндіріске қайтаруға септігін тигізді. Екінші жағынан, ауыл шаруашылық кәсіпорының меңгерушісі бұрын қолданбаған қызметкер

құрамына басқару әдістерін қолданып, еңбек қатынастарын реттеуді бастады.

Қалалық капиталдың ауылға қозғалуының салдары оңды да, теріс те сипатқа ие. Ауыл халқы белгілі бір тәуекелдерді бастан кешіруде. Бұл тек қана қалыпты жұмыс орнының сақталуына ғана емес, сондай-ақ ірі ауыл шаруашылық өндірісінің ауыл территориясында сақталуына да қатер төндіреді. Нәтижесінде қалалық инвесторлардың ауыл шаруашылық кәсіпорындарының инфрақұрылымының өндірістік базасын иемденеді. Тіпті, өтімді активтерді жаппай сатумен аяқталады. Одан соң жаңа меншік иелері ауылды жерде тез арада қаржылық



нәтижелерге қол жеткізгілері келген талпыныстарының нақтылығын сезінеді. Нәтижесінде ауыл халқы бәрінен айырылады – жұмыссыз болады және ірі тауарлы қосалқы шаруашылық жүргізуге жағдай болмайды [4].

Аталған әлеуметтік мәселелермен қатар жұртшылық шаруашылығының тиімді дамуы бірқатар экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелермен тікелей байланысты, сол себепті күнделікті кездесіп отыратын проблемалары бар, мәселен:

1. Жұртшылық шаруашылығының өнім өткізу, сақтау, тасымалдау және жинақтаумен байланысты туындайтын қиыншылықтары. Жұртшылық шаруашылығының шаруашылық жүргізуіне кері әсерін келтіретін ең басым фактор, олардың өнімдерін өткізуі болып табылады. Мұнда ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігіне сұраныстың жоқтығы емес, сату инфрақұрылымының болмауы негізгі шектеуші болып отыр. Сол себепті шағын өндірушілер өздерінің өнімдерін өз құнына арадағы делдалдарға сатуға мәжбүр.

Оны өткізуден түсетін табысты алыпсатарлар алады, бірақ бұдан барлық деңгейлердегі бюджеттерге ештеңе түспейді. Қалыптасқан делдалдық құрылым өнімді көтермелеп төмен бағамен сатып алып, көпшілік жағдайды халықтың өз өнімін еркін өткізуге кедергі келтіреді. Бұл мәселе тек қана өндірушілердің қызығушылықтарына сай әрекет етуші сату құрылымының жоқтығымен емес, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін алғашқы өңдеу, сақтау және тасымалдау инфрақұрылымының болмауымен де байланысты.

Жұртшылық шаруашылықтарға қажетті негізгі көмектерді жинақтап кешенді шаралар ретінде қарастырып, оның жүзеге асыратын көмек түрлерін құрамдас бөліктері етіп келесідей көмек түрлерін қарастыруға болады:

- өнімді сақтауды, жинақтауды, өткізуді ұйымдастыру;
- малға жем-шөп дайындау және толық қамтамасыз ету;
- мал жаюға жайылымдар бөлу, қолдану;
- жайылымдарды қолдану бойынша қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- зооветеринарлық және агрономдық көмек;
- көлікпен тасымалдау қызметін көрсету [5].

2. Жұртшылық шаруашылықтарына қаржы ресурстарының қолжетімсіздігімен байланысты туындайтын қиыншылықтар.

Жұртшылық шаруашылығы дамуына кері әсер ететін қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі несиені алу барысындағы жоғары деңгейдегі талап етілетін кепілмен де тікелей байланысты. Қажетті қаржы ресурстарының жоқтығы шаруашылық жүргізудің шағын түрлерінің өнім өндірісінде қарапайым технологияларды, моральды және физикалық тұрғыдан тозған техниканы және қол еңбегін қолдануына алып келеді. Бұл өз кезегінде, ауыл шаруашылығы өнім өндірісі мен АӨК-нің шағын тауарлы секторының тиімділігін төмендетеді.

Жұртшылық шаруашылығының әрекет етуінде банктік несиенің қолжетімсіздігі болып табылады. Ауылдық үй шаруашылықтарының табыстарының төмен деңгейі ауыл тұрғындарының өз қаражаттарын бизнеске жұмсауына мүмкіншілік бермейді, сол себепті де несиелік ұйымдардан да несиені алу мүмкіндігі болмайды. Негізгі керітартпа себептер қатарына несиені рәсімдеудің күрделілігі, оның қайтымдылық мәселесі, кепілдеменің жоқтығы жатады.

3. Жұртшылық шаруашылықтарының әрекет етуінің заң тұрғысынан нақтыланбауына байланысты туындайтын қиыншылықтар.

Бұл жоғарыда айтылған мәселеден, яғни жұртшылық шаруашылығын қаржыландырумен байланысты туындайтын мәселе. Бөлшек қызмет көрсетулер нарығындағы банктік операциялардың дамуына тәуекелдің айтарлықтай жоғары деңгейде болуы тікелей себепші. Ол жұртшылық шаруашылығымен айналысушы тұлғалардың зейнеткерлер немесе тұрақты жұмыс орны жоқ адамдар болуымен тікелей байланысты. Іс жүзінде банктер ауыл тұрғындарын несиені қамтамасыз етуге дайын. Мұндағы басты мәселе, жұртшылық шаруашылығының несиелеу объектісі ретінде нақтыланбауы, яғни заңды тұлға ма әлде жеке тұлға ма, кәсіпкер ме әлде ферма иесі ме белгісіз. Несиені беруші банктер үшін аула, бақша, қора иесі – жеке тұлға, сол себепті одан барлық қажетті құжаттар, кепілдеме базасы, кепілге тұрушы тұлғаның бар болуын, яғни барлығын рәсімдеу қажет. Ал жұртшылық шаруашылығымен айналысушы тұлғаларда жоғарыда айтылғандардың ешқайсысы, сондай-ақ ресми табыстар да болмайды. Сол себепті жұртшылық шаруашылығының иесі несиені алғысы келген жағдайда өзінің табыстарын заңдастыруы қажет. Ол өз кезегінде салық комитетіне барып рәсімделуі тиіс [6].

Ауыл шаруашылығында жалпы өзекті мәселелердің бірі ретінде ауылдық жайы-



лымдардағы топырақ құнарлығының нашарлауымен қатар, мал шаруашылығын кері тартатын тағы бір жайт ауыл шаруашылық жерлерін ретсіз игеру болып табылады. Негізінен, үлкен көлемді ауыл шаруашылығының жайылымдық жерлері ұзақ мерзімді жалға заңды және жеке тұлғаларға берілген. Олар өз кезегінде, сол жалға алған жерлерінде ауыл шаруашылығының ешқандай түрін жүргізбейді, керісінше, өздері де сол жерді тағы бір үшінші тұлғаға жалға беріп, жал ақысын табыс көзі ретінде көреді. Бұл жағдай, әлеуметтік теңсіздіктен бөлек, ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестиция ағымының келуін кері тартады. Сол себепті ретсіз қолданылған ауыл шаруашылық жерлерін, жайылымдықтар мен шабындықтарды да қоса есепке алғандағы көрініс тапқан жағдайларға заңды өзгерістер енгізу қажет [7].

Бүгінгі таңда аграрлық саясаттың негізгі бағыты ауылдық аймақтардың тұрақты дамуы болып отыр. Ауылдық аймақтардың тұрақты дамуы ретінде олардың бірқалыпты әлеуметтік-экономикалық дамуын, ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемін арттыруын, ауыл тұрғындарының толықтай жұмыспен қамтылуын, олардың өмір сүру деңгейінің артуын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің тиімділігінің артуын, жерлердің рационалды қолданылуын айтамыз [8].

Ауылдық аймақтардағы жұртшылық шаруашылықтарының өндірісі табыстылығын арттырудың негізгі бағыттары келесідей:

- өнімді сақтау және өңдеу шараларын құру және дамыту;
- өндірушілерге тиімді бағамен өнімдерді өткізудің жолдарын құру;
- үй шаруашылықтарын қолжетімді бағада ауыл шаруашылығы техникасы нарығымен қамту;
- лизинг негізінде материалды-техникалық қызмет көрсетуді ұсыну;
- аграрлық және мал дәрігерлік қызмет көрсетуді арзандату және сапасын арттыру [9].

Тұжырымдар.

1. Қазіргі кезде жұртшылықтың шаруашылығы аграрлық саланың ажырамас бөлігі болып табылады. Әрине, азық-түліктік қордың қалыптасуындағы негізгі үлесті өндірістің қоғамдық әдісі құрауы тиіс. Алайда бұл сала экономикалық реформалардың ең алғашқы бастауынан ауыл шаруашылық өнім өндірісін жыл сайын азайтуда. Жұртшылық шаруашылықтар, керісінше, жаңа жағдайларға тез бейім-

деліп, жыл сайын мал басы санын да, өнім өндірісін де ұлғайтуда.

2. Түркістан облысында басқа көпшілік аймақтардағыдай аграрлық реформа жанұя шаруашылығының рөлінің күрт өсуіне және ауыл шаруашылық кәсіпорындардың төмендеуіне әкеп соқты. Жалпы ауыл шаруашылық өнімнің басым бөлігі ауылдық аймақтардың жұртшылық шаруашылықтарына тиесілі. Аграрлық қайта құрылымдану жылдарында жұртшылық шаруашылығының әлеуметтік мәні айтарлықтай өсті. Ауыл отбасыларының көпшілігінің, әсіресе, ауылдағы жұмыссыздардың отбасылары үшін бюджетінің қалыптасуында жұртшылық шаруашылығынан түскен табысы негізгі рөлді атқарады.

3. Жұртшылық шаруашылығы дамуының негізгі өзекті мәселесі өндірістің жоғары деңгейлі еңбек сыйымдылығы және ауыр еңбек; өнім өткізумен қиыншылықтар туындауда, сондықтан жұртшылық шаруашылығының тауарлылығы төмен деңгейде; жұртшылық шаруашылығының иелерінде мол өнімді ауыл шаруашылық дақылдарының, малдың мол өнімді сұрыптарының, тыңайтқыштар мен басқа да материалды-техникалық ресурстардың, жемшөп мәселесі өте өзекті мәселе болып табылады; жұртшылық шаруашылықтарының АӨК-нің ауыл шаруашылық және басқа кәсіпорындарымен интеграциялық байланыстары толыққанды орнықтауы; жұртшылық шаруашылығының әлеуметтік және құқықтық статусының төмендігі.

4. Облысымыздағы жұртшылық шаруашылығының жағдайы ауылдық қоғамдастықтың тұрақты дамуына, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруына, ауылдық аймақтағы экологиялық тепе-теңдікті сақтауына негізгі септігін тигізуші жұртшылық шаруашылығының қалыпты дамуы болып табылады. Агроөнеркәсіптік өндіріс жүйесінде жұртшылық шаруашылығы маңызды рөлді атқарып отырғандықтан, олардың келешектегі мүмкіндіктерін дамыту үшін орын алып отырған қиындық туғызушы мәселелерін шешкен жөн. Сол себепті жұртшылық шаруашылығының дұрыс әрекет етуі үшін қажетті деп саналатын барлық шарттарды мұқият қарастырып, жаңа жетілген үлгідегі механизм тетіктерін енгізіп, қалыптастыру аса қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы: статистикалық жинақ. - 2015. - 137 б.

2 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы, Астана, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі [Электрондық ресурс]. – 2016.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. (кіру мерзімі 22.06.2016).

3 Мырзалиев Б.С., Шінет Г.Ф. Жұртшылық шаруашылықтарының ролі және олардың Оңтүстік Қазақстан облысындағы даму ерекшеліктері // Аграрлық нарық проблемалары. - 2016. - №3. - Б. 67-73.

4 Нурбекова Ж. Социологический анализ личных подсобных хозяйств сельского населения как неформального вида предпринимательской деятельности // Евразийское общество. - 2004. - № 3(47). - С. 105-108.

5 Шінет Г.Ф. Личные подсобные хозяйства Республики Казахстан: сущность, нынешнее состояние и перспективы развития // Информационное обеспечение эффективного управления деятельностью экономических субъектов: матер. VI междунар. научн. конф. - Краснодар, 2015. - С. 587-592.

6 Григорук В.В., Умбиталиев Н.А. Личное подсобное хозяйство на современном этапе развития казахстана // Проблемы агрорынка. - 2006. - № 1. – С. 34-37.

7 Ыдырыс С.С., Шінет Г.Ф. Қазақстан Республикасындағы жұртшылық шаруашылығының ахуалы және оның дамуына әсер етуші факторлар // Тұран университетінің хабаршысы. - 2016. - № 4(72). - Б. 251-255.

8 Мусабеков Қ., Шінет Г.Ф. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы дамуындағы жұртшылық шаруашылығының ролі мен дамуы //Әуезов оқулары-14: жаңа жаһандық ахуалдағы Қазақстанның білім мен ғылымдағы инновациялық әлеуеті: халықар. ғыл.-тәж. конф. – Шымкент, 2016. - Б. 213-218.

9 Ыдырыс С.С., Шінет Г.Ф. Жұртшылық шаруашылықтарын дамыту проблемалары және оларды шешу жолдары // Аграрлық нарық проблемалары.- 2016.- №2.- Б.114-119.

1 Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы: статистикалық жинақ. - 2015. - 137 б.

2 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы, Астана, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі [Электрондық ресурс]. – 2016.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. (кіру мерзімі 22.06.2016).

3 Myrzaliev B.S., Shinet G.F. Zhұrtshylyk sharuashylyqtarynyң roli zhәне olardyң Oңtұstik Kazaқstan oblysyndary damu ereksheelikteri // Agrarlyk naryk problemalary. - 2016. - №3. - B. 67-73.

4 Nurbekova Zh. Sociologicheskij analiz lichnyh podsobnyh hozajstv sel'skogo naselenija kak neformal'nogo vida predprinimatel'skoj dejatel'nosti // Evrazijskoe soobshhestvo. - 2004. - № 3(47). - S. 105-108.

5 Shinet G.F. Lichnye podsobnye hozajstva Respubliki Kazahstan: sushhnost', nyneshnee sostojanie i perspektivy razvitija // Informacionnoe obespechenie jeffektivnogo upravlenija dejatel'nost'ju jekonomicheskikh sub#ektov: mater. VI mezhdunar. nauchn. konf. - Krasnodar, 2015. - S. 587-592.

6 Grigoruk V.V., Umbitaliev N.A. Lichnoe podsobnoe hozajstvo na sovremennom jetape razvitija kazahstana // Problemy agrorynka. - 2006. - № 1. – S. 34-37.

7 Ydyrys S.S., Shinet G.F. Kazaқstan Respublikasyndary zhұrtshylyk sharuashylygynyң ahualy zhәне onyң damuyna әser etushi faktorlar // Tұran universitetiniң habarshysy. - 2016. - № 4(72). - B. 251-255.

8 Musabekov Q., Shinet G.F. Kazaқstan Respublikasy auyl sharuashylygy damuyndary zhұrtshylyk sharuashylygynyң roli men damuy //Әuezov oқulary-14: zhaңa zhahandyқ ahualdary Kazaқstannың bilim men ғыlymdary innovacijalyқ әleueti: halyқar. ғыl.-tәzh. konf. – Shymkent, 2016. - B. 213-218.

9 Ydyrys S.S., Shinet G.F. Zhұrtshylyk sharuashylyqtaryn damytu problemalary zhәне olardy sheshu zholdary // Agrarlyk naryk problemalary. - 2016. - №2. - B.114-119.